ҒҰМЫРДАРИЯ

ЖАПЫРАҒЫН ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК

Биылғы шілде айында 93 жастың биігін бағындырған Алтын анамыз, тұла бойы ұлағат пен тағылымға толған дана қариямыз, әулеттің ұйытқысы болған ӘУКЕЕВА АҚЖАН ӨМІРҒАЛИҚЫЗЫ мәңгілік мекеніне аттанды.

Ғасырға жуық жасаған Батыр ана 11 баланы өмірге әкеліп, олардан 25 немере, 37 шөбере мен жиен сүйіп, дүние бақытына бөленіп өтті. Немерелерінің бірі Арбат Қытай мемлекетіндегі елшілікте қызметте.

Жапырағын кеңге жайған алып бәйтерек, бір қауым ел болған әулеттің анасы ұрпақтарына жүрегінің мейірімін, жан жылуын төкті. Ақ тілегін айтып, ақ батасын жаудырып, өзіне күш-қуат берген Аллаға әрдайым сансыз шүкіршілік етті.

Ақжан анамыздың әкесі Әукеев Өмірғали (Әубәкір) 1903 жылы өмірге келген. Ол жеке кәсіппен шұғылданып, Үндістан еліне дейін барған. (Сол кезеңнен қалған кейбір заттар күні бүгінге дейін сақталған). Кейіннен Өмірғали ата қуғын-сүргінге ұшыраған. Ұлы Отан соғысына шақырылып, сол бойы хабарсыз кеткен. Шешесі Сауыққызы Дәкура 1906 жылы туған. Ол ағасы Біләлмен бірге Алтай өңірінде біраз жыл өмір сүрген. Ақжан анамыздың Бийск қаласында дүниеге келуі де осыған байланысты.

Анамыздың балалық шағы ел басына ауыртпалық түскен аумалы-төкпелі кезеңмен тұспа-тұс келді. 1955 жылы Қадес Жақманұлымен шаңырақ көтеріп, Шыңғыстау еліне келін болып түсіпті.

Қадес Жақманұлы 1951 жылы Семей қаржы техникумын бітіріп, Павлодар өңіріне жолдамамен барады, сонда есепші болып еңбек етеді. Кейін әкесінің өтінішімен елге оралып, жаңадан құрылған «Қызыл Ту» совхозына қоныс аударады.

Өмірінің соңына дейін сол жерде еңбек еткен Қадес әкеміз жары Ақжанға бар жағдайын жасап, тек бала тәрбиесімен айналысуға мүмкіндік туғызған абзал азамат еді. Ал Ақжан анамыздың 11 баланы өсіріп, жеткізуіне өз анасы Дәкура әженің де қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Көненің көзі саналатын Дәкура әже үшін әулеттің әр баласы асылы, әр немересі қымбаты, әр шөбересі шөлін басар сусынындай, әр шөпшегі тыныс алатын ауасындай еді. Әженің сөзі дана, ісі ғибратты, мейірімі күн нұрындай ыстық болатын. Үнемі жанымыздан табылып, тағамның тәттісі мен заттың әдемісін алдымен бізге беруші еді.

Балаларының үлкені Света 70-ті алқымдаса, кенжесі Жақсылық 46 жаста. Ұрпақтары әр түрлі салада еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Гүлжанат пен Сәулет медицина саласында еңбек етеді. Манат - білім беру саласының үздігі. Гүлсім - «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

Ақжан анамыз үш келін түсірді. Райгүл, Айжан және Әсияны өз қыздарынан кем көрмей, анасындай сырласты. Ақыл-кеңесін айтып, мейірімін төкті.

Ардақты әкеміз бен аяулы анамыздың көңілдері таза, білетіндері көп, ішкі әлемдері теңіздей тұңғиық еді.

Аты аңызға айналған атақты аңшы, бүркітші болған Жақман атаның ұлы Қадес әкеміз бен Ақжан анамыздан тараған ұрпақтар бүгінде Абай елінде, Тоқтамыс ауылында өмір сүріп жатыр. Жақман ата туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде сақтаулы.

Ақжан анамыз өмірден көргені мен көңілге түйгенін, әсіресе адамның ұзақ әрі мәнді ғұмыр кешуіне әсер ететін жақсы әдеттер туралы жиі айтып отыратын, адамдық қасиеттерді жоғары қоюшы еді. Анамыздың пайымынша, ұзақ өмір сүрудің сыры пейілдің кеңдігінде, адамдарға жасаған жақсылық пен адал еңбекте. Перзенттерінің ата-анасына көрсеткен қамқорлығы да өмірді ұзартады деуші еді.

Аяулы анамыз Аллаға шүкіршілік етіп өмірден өтті.

Тамырын тереңге жайған берекелі отбасының үлкендері ел сыйлаған, балалары құрметтеген қадірлі жандар еді. Қара шаңырақта отырған ұлы Тасқын мен келіні Әсия анамызды аялап, мәпелеп, соңғы сапарына шығарып салды.

Анамыздың жатқан орны жарық, жаны жұмақта болсын!

\\Ләйла ӘБДІХАЛЫҚҚЫЗЫ

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мамандары Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында алкоголь, темекі, мұнай өнімдері айналымына қойылатын талаптарды түсіндірді.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ АШЫҚ БОЛУЫ ТИІС

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semeı tańy»

Өңірде заңсыз өнімдердің таралуына жол бермеу, адал кәсіпкерлерді қорғау және тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары және мұнай өнімдерінің заңды айналымын қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік бақылау жүргізілуде.

Алкоголь өнімдерін сақтау және бөлшек саудада өткізу үшін кәсіпкер тиісті лицензия алуы қажет. Лицензия нақты салық төлеушіге және нақты нысанға беріледі. Ал алкоголь сатылатын орын заңнама талаптарына сай болуы тиіс. Лицензиялық алым мөлшері қызмет жүзеге асырылатын елді мекенге байланысты белгіленеді. Астана, республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында 100 АЕК, басқа қалалар мен кенттерде – 70 АЕК, ауылдық елді мекендерде 30 АЕК көлемінде. Лицензияны Мемлекеттік кірістер департаменті береді. Өтініш пен қажетті құжаттар «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электронды түрде ұсынылады.

– Алкоголь өнімдерін тиісті лицензиясыз сақтау немесе өткізу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Бұл ретте, айыппұл салумен қатар, заңсыз өткізілген өнім тәркіленуі мүмкін, – дейді Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Түсіндіру жұмыстары және Байланыс орталығы басқармасының басшысы Әсем Тұрлыбекова.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 403-бабына сәйкес мұндай жағдайда жеке тұлғаларға – 15 АЕК, лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 25 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Мемлекеттік бақылаудың тағы бір маңызды бағыты – темекі өнімдерінің айналымы. Міндетті таңбалауға жататын өнімдерде Data Matrix цифрлық таңбалау коды болуы тиіс. Цифрлық таңбалау өнімнің өндірушіден немесе импорттаушыдан соңғы тұтынушыға дейінгі қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл талаптар өндірушілерге, импорттаушыларға, көтерме және бөлшек сауда өкілдеріне қолданылады. Өнім айналымына қатысушылар электрондық цифрлық қолтаңба арқылы тауарларды таңбалау және қадағалау ақпараттық жүйесінде тіркелуі қажет. Таңбаланған өнімдермен жұмыс істеу үшін Nagty.Sauda. Kassa мобильді қосымшасын тегін пайдалануға болады. Қосымша Data Matrix кодтарын сканерлеп, тауарды сату кезінде айналымнан шығаруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлерге темекі өнімдерін тек заңды жеткізушілерден сатып алып, тауарда қажетті цифрлық таңбалаудың бар-жоғын алдын ала тексеру ұсынылады. Таңбалау талаптарын бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 283-бабына сәйкес 50-ден 500 АЕК-ке дейін айыппұл салынуы мүмкін. Сонымен қатар өнім тәркіленеді.

Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы да мемлекеттік реттеудің маңызды бағыттарының бірі. Айналымға бензин, дизель отыны, авиациялық отын, мазутты сақтау және өткізу, сондай-ақ экспорттық-импорттық операциялар жатады.

Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы Айдос Байсалбайдың айтуынша, бензин, дизель отыны, авиациялық отын және мазут сияқты мұнай өнімдерін сақтау және өткізу кезінде салық есептілігін уақтылы ұсыну, өнімдердің қозғалысын есепке алу және қажетті құжаттарды ресімдеу талаптарын сақтау қажет.

- Мұнай өнімдерін Мемлекеттік кірістер органдарында тіркелмеген автожанармай құю станциясы арқылы өткізген жағдайда, әкімшілік жауапкершілік көзделген. Сондай-ақ акцизделетін өнімдерді, оның ішінде мұнай өнімдерін, алкоголь және темекі өнімдерін тауарларға ілеспе жүкқұжатсыз айналымға шығарғаны үшін де жауапкершілік қарастырылған, - деді Айдос Байсалбай.

ҚР ӘҚБтК-нің 283-1-бабына сәйкес, тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдемеу, сондай-ақ акцизделетін өнімдерді ТІЖ-сыз айналымға шығару 20-дан 200 АЕК-ке дейін айыппұл салуға және тауарды тәркілеуге әкеп соғуы мүмкін.

– Мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты – кәсіпкерлерге қосымша кедергі жасау емес, нарықтың барлық қатысушылары үшін ашық әрі тең жағдай қалыптастыру, – дейді Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы Айдос Байсалбай.

Заң талаптарын сақтау кәсіпкерлерге айыппұл мен өнімді тәркілеу сияқты жауапкершіліктен сақтануға мүмкіндік беріп қана қоймай, тауар нарығының ашықтығын қамтамасыз етуге және тұтынушылардың мүддесін қорғауға ықпал етеді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Семей қаласында «Адал адам – Адал еңбек» жобасы аясында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Аталған жоба Семей қаласының прокуратурасы мен қала әкімдігінің бірлескен бастамасы негізінде жүзеге асырылуда.

АДАЛ ЕҢБЕК – ТҰРАҚТЫ ӨМІРДІҢ НЕГІЗІ

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semeı tańy»

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен Семей қаласының Мансап орталығы ұйымдастырған іс-шараға қаладағы жұмыс берушілер қатысып, тұрғындарға өздеріндегі бос жұмыс орындарын ұсынуда.

Жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыссыз азаматтардың еңбек нарығына енуіне мүмкіндік беру, тұрақты жұмысқа орналасуына қолдау көрсету. Әсіресе мүгедектігі бар азаматтарға, пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарға ерекше көңіл бөлінуде.

- Абай облысында халықты жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл өңір бойынша 13 324 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін 11 206 азамат жұмысқа орналасып, жоспар 84,1 пайызға орындалды.

Семей қаласында да бұл бағыттағы көрсеткіш жоғары. Биыл қала бойынша 5193 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, қазіргі таңда 4650 азамат жұмысқа орналасқан. Осылайша, жоспардың 89,5 пайызы орындалды,- дейді Абай облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек.

Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі де назардан тыс қалған емес. Мәселен, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру мақсатында 20 кәсіпорында 163 жұмыс орны қарастырылған. Бүгінде олардың қатарынан 7 азамат жұмыспен қамтылған.

Ал пробация қызметінде есепте тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында 9 кәсіпорында 40 жұмыс орны жоспарланған. Қазіргі уақытта квота бойынша 8 азамат жұмысқа орналасса, бос жұмыс орындары бойынша тағы 3 азамат жұмысқа жолданған.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – жұмыс іздеуші мен жұмыс берушіні тікелей байланыстыратын тиімді алаң. Мұнда азаматтар бірнеше кәсіпорынның ұсынысымен танысып, еңбек жағдайы, жалақысы және талаптары туралы нақты ақпарат ала алады. Ал жұмыс берушілер өздеріне қажетті мамандарды таңдауға мүмкіндік алады.

Адал еңбек – адамның өз болашағын қалыптастыруына жол ашатын басты құндылықтардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай жобалардың әлеуметтік мәні зор. Әсіресе қоғамға қайта бейімделуді қажет ететін азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту олардың жаңа өмір бастауына, қабілетін іске асыруына және қоғамдық ортаға белсенді араласуына ықпал етеді.

Жұмыспен қамтуға бағытталған мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, еңбек етуге ниетті азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолдау көрсетілмек.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 340-үй мекенжайында орналасқан «Ярус» ЖШС-нің мобильді асфальт зауытына кешенді экологиялық рұқсат беруге қатысты 2026 жылғы 13 қазанда, сағат 11:00-де ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз (алаң координаттары: 47°03'60.0"С 81°40'42.8"В).

Өтетін мекенжайы: Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 187-үй, Әкім аппараты.

Тапсырушы: «ТОО «Ярус», БСН 030140007302, тел. 87019715439

Орындаушы: «Ргибаева» ЖК, 87471808118

Zoom платформасында бейнеконференц байланысы: идентификатор: 875 0145 6066, құпия сөз: r96ryT, https://us05web.zoom.us/j/87501456066?pwd=N8GZEXu45jfzoEUGYJQJTBia53pX6i.1 Құжаттарымен ҚО ТРЖ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның - «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады, https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/activities/28548?lang=ru,

Ұсынылып отырған қызметке қатысты қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз e-mail: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, тел.: +77(7222) 35-44-32

Пікірлер мен ұсыныстарды ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің веб-сайты арқылы немесе Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманына uprirp.abay@akimatabai.gov.kz электрондық поштасы арқылы жолдауға болады.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

ABAI AIMAQ медиахолдингі

www.semeytany.kz

Директор - Бас редактор Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

Бас редактордың орынбасары Роза ПҰШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Тираж 30 155



Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ